



## "Статистикалық байқаулар (зерттеулер) жүргізу жөніндегі интервьюер" кәсіби стандартын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 336 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 03 ақпанда № 9123 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 2 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.01.2020 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Статистикалық байқаулар (зерттеулер) жүргізу жөніндегі интервьюер" кәсіби стандарты осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Персоналды басқару қызметі Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Заң департаментімен бірге заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны 10 күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға жолдасын.

3) Осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Интернет-ресурсында міндетті жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төрағаның  
міндетін атқарушы

Ж. Жаркынбаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі

\_\_\_\_\_ Т. Дүйсенова

2013 жыл 30 желтоқсан

Қазақстан Республикасы  
Статистика агенттігі Төрағасының  
міндетін атқарушы  
2013 жылғы "28" желтоқсандағы  
№ 336 бұйрығымен бекітілді

## **"Статистикалық байқаулар (зерттеулер) жүргізу жөніндегі интервьюер" кәсіби стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Статистикалық байқаулар (зерттеулер) жүргізу жөніндегі интервьюер" кәсіби стандарты (бұдан әрі – Кәсіби стандарт) еңбек біліктілік деңгейі, құзіреттілігі, мазмұны, сапасы мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындайды және

1) кәсіби іс-әрекетті мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды даярлауға, еңбек нарығының заманауи қажеттіліктеріне жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;

2) персоналды басқару саласындағы міндеттердің кең ауқымын шешуге;

3) білім беру стандарттары, оқу жоспарлары, модульдік оқыту бағдарламаларын әзірлеуге, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

4) мамандардың кәсіби дайындығына бағалау жүргізуге және олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растауға арналған.

2. Кәсіби стандарттарды негізгі пайдаланушылар:

1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлері;

2) ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) мемлекеттік білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби дайындығына бағалау жүргізу және олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. Кәсіби стандарт негізінде ұйымның іс-әрекеттің функционалдық модельдеріне, лауазымдарға, біліктілік арттыруға, қызметкерлерді аттестаттауға, еңбекті ынталандыру жүйесіне және басқаларына ішкі, корпоративтік стандарттар әзірленуі мүмкін.

4. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің еңбек іс-әрекетінің белгілі бір түрі шеңберінде белгілі функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек әрекетінің стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестігі параметрлері бойынша жіктелетін қызметкерлер құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек нысаны – өнім әзірлеу мақсатында белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен қызметкердің әрекеттері бағытталған нысан;

4) еңбек нысаны – өнім әзірлеу мақсатында белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен қызметкердің әрекеттері бағытталған нысан;

5) еңбек іс-әрекетінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттердің тұтас жиынтығынан қалыптасқан кәсіби іс-әрекет саласының құрамдас бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек қызметі түрінің құрам бөлігі, автономдық жиынының еңбек іс-әрекетіне қатысты және өзінің ықпалдау ұсынымы, кәсіп процессін анықтайтын және қажетті құзыреттілігі үшін орындалуын болжау;

7) кәсіби іс-әрекет саласы (КІ) – ортақ интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын ) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттердің ұқсас жиынтығынан тұратын салалық еңбек іс-әрекеті түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарт бірлігі – берілген еңбек іс-әрекетінің түрі үшін тұтас, аяқталған, айтарлықтай дербес және маңызды болып табылатын белгілі бір еңбек функциясының толық сипаттамасынан тұратын кәсіби стандарттың құрылымдық элементі;

9) кәсіп – арнайы дайындық, жұмыс тәжірибесі нәтижесінде алынған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін меңгеруді талап ететін еңбек іс-әрекетінің түрі;

10) құзыреттілік – еңбек іс-әрекетінде білім, білік және тәжірибені пайдалану қабілеті;

11) лауазым – қызметтік міндеттері мен қызметтік өкілеттіліктері айналасында жүктелген жұмыс берушінің қрылымдық бірлігі;

12) міндет – белгілі бір еңбек нысандары мен құралдарын пайдалану арқылы еңбек функциясын жүзеге асыру және нәтижеге қол жеткізумен байланысты әрекеттер жиынтығы;

13) сала – шығарылатын өнім, өндіріс технологиялары, негізгі қорлар мен жұмыс істеушілердің кәсіби біліктерінің ортақтығы тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

14) салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – салада танылған біліктілік деңгейлерінің құрылымды сипаттамасы;

15) функционалдық карта – кез-келген кәсіби іс-әрекет саласы шеңберінде қызметкердің белгілі бір іс-әрекет түрінде орындайтын еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымды сипаттамасы;

16) статистикалық қызмет - осы қызметті жоспарлауды, статистикалық әдіснаманы әзірлеуді, статистикалық байқау жүргізуді, алғашқы статистикалық және әкімшілік деректерді өңдеуді, қорғау мен сақтауды, статистикалық ақпаратты қалыптастыру мен таратуды қамтитын үрдіс;

17) статистикалық байқау - статистикалық байқау объектісі бойынша алғашқы статистикалық деректерді ғылыми-ұйымдастырып жинау;

18) сауалнама жүргізу – әдетте сырттай, интервьюердің респондентпен тікелей байланысынсыз жүргізілетін жазбаша пікіртерім формасы;

19) сұхбаттасу – интервьюер мен сұхбаттасушының мақсатқа негізделген әңгімесі түріндегі пікіртерім жүргізу тәсілдері, екі санатқа бөлінеді: еркін (терең, орталықтандырылған) және стандартталған (формалданған);

20) еркін сұхбаттасу – интервьюердің сұрақтары зерттеудің ақырғы мақсатымен байланыстырылған ұзақ еркін сұхбат;

21) стандартталған сұхбаттасу – барлық респонденттерге бірдей, жақсы ұйымдастырылған сұлба, алдын-ала бекітілген форма (сұрақнама) бойынша сұхбат жүргізу тәсілі;

22) жартылай стандартталған сұхбаттасу – екі түрлі сұрақтарды пайдалану арқылы пікіртерім жүргізу тәсілі.

## **2. Кәсіби стандарт паспорты**

5. Кәсіптік стандарт төмендегідей анықтайды:

1) Экономикалық іс-әрекет түрі (кәсіби іс-әрекет саласы):

мемлекеттік басқару және қорғаныс;

міндетті әлеуметтік қамсыздандыру;

2) Экономикалық (кәсіби сала) іс-әрекет түрінің негізгі мақсаты:

сұхбаттасу әдісін пайдалану арқылы статистикалық байқау жүргізу;

3) Кәсіби стандарт "Статистикалық байқаулар (зерттеулер) бойынша респонденттерге пікіртерім жүргізу" кәсіби іс-әрекет саласындағы еңбек мазмұны, сапасы, шартына, қызметкерлердің біліктілігі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды белгілейді;

4) Еңбек іс-әрекеті мен кәсіптердің түрлері, біліктілік деңгейлері осы кәсіби стандарттың 1-қосымшасында берілген;

5) Стандарт талаптары осы саладағы келесі кәсіпке қатысты: статистикалық байқаулар жүргізу (зерттеу) жөніндегі интервьюері.

### **3. Еңбек іс-әрекеті түрлерінің карточкалары (кәсібі)**

#### **"Статистикалық байқаулар (зерттеулер) жүргізу жөніндегі интервьюер"**

6. Еңбек іс-әрекеті түрлерінің карточкалары (кәсібі) асырады:

1) СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 4-5.

2) Лауазымдардың ықтимал атаулары: статистик, интервьюер.

7. "Статистикалық байқаулар (зерттеулер) жүргізуге арналған интервьюер" кәсібі субъектіден негізгі функциялары: сауалнама жүргізу мен сұхбат алуды іске асырумен байланысты міндеттерді білуді және орындай алуды талап етеді. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

8. Статистикалық байқаулар интервьюерінің еңбек шарттарына, білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандарттың 3-қосымшасында келтірілген.

### **4. Кәсіби стандарты бірліктерінің тізбесі**

9. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандарттың 4-қосымшасында көрсетілген.

### **5. Кәсіби стандартының сипаты**

10. Кәсіби стандарттың бірліктерін сипаттайтын стандарт 5-қосымшасында келтірілген.

### **6. Осы кәсіби стандарт негізінде берілетін сертификат түрлері**

11. Мамандардың кәсіби дайындығын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы ұйымдар тарапынан осы кәсіби стандарт негізінде сертификаттар беріледі.

12. Осы кәсіби стандарт негізінде берілетін сертификат түрлері осы кәсіби стандарттың 6-қосымшасында қарастырылған сертификатты алу үшін меңгерілуі қажетті кәсіби стандарт бірліктерінің тізіміне сай анықталады.

### **7. Кәсіби стандарттың даярлаушылары, келісім парағы, сараптау және тіркеу**

13. Қазақстан Республикасы статистика жөніндегі агенттігі кәсіби стандарттың даярлаушысы болып табылады.

14. Келісім парағы осы кәсіби стандарт 6-қосымшасында көрсетілген.

## Еңбек іс-әрекеті мен кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері

Еңбек іс-әрекеті түрінің атауы	Еңбек нарығы үдерістерін есепке алғандағы кәсіп атауы	ҚР мемлекеттік кәсіптер жіктеуішіне (ҚР МЖ 01-2005) сәйкес кәсіп атауы	СБШ біліктілік деңгейі	БТБА дәреже бойынша
Сұхбаттасу әдістерімен статистикалық байқаулар жүргізу	Статистикалық байқаулар жүргізуге жөніндегі интервьюер	2122 Тағылымдамадан өтуші зерттеуші (статистика саласында) 2122 Статистик 3434 Статистик (орта білікті)	3-5	-

Ескерту:

МКЖ – ҚР МЖ 01-2005 ҚР мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші;

БТБА – ҚР жұмысшылар жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

"Статистикалық байқаулар (тексерулер)  
интервьюері" кәсіби стандартына  
2-қосымша

## Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

Қазақстан Республикасы кәсіптерінің мемлекеттік жіктеуіші (ҚР МЖ 01-2005)			
Базалық топ		2122 Тағылымдамадан өтуші-зерттеуші (статистика саласында) ) 2122 Статистик 3434 Статистик (1 орта білікті) 4122 Статистикалық және қаржылық ақпаратты өңдеумен айналысатын қызметшілер	
Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі кәсіптер мен мамандықтар жіктеуіші (ҚР МЖ 05-2008)			
Мамандық атауы	0517000 Статистика	0501000 Әлеуметтік жұмыс	0515000 Менеджмент
Біліктіліктер	0517013 Статистик	0501013 Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман	051501 3 Менеджер
Жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар жіктеуіші (ҚР МЖ 08-2009)			
Жоғары білім мамандығы (бакалавриат)		5B051200 Статистика 5B050600 Экономика 5B050900 Қаржы 5B050100 Әлеуметтану 5B050700 Менеджмент	

(ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген) Басшылар, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы

(Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 25 маусымда № 7755 тіркелді)

"Заң газеті" газеті 11.09.2012 ж. № 135 (2317);

Лауазым	Статистик Статистикалық байқаулар (зерттеулер) жүргізу жөніндегі интервьюер
---------	--

Ескерту:

ҚР МЖ 05-2008 – Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі кәсіптер мен мамандықтар жіктеуіші;

ҚР МЖ 08-2009 – Жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар жіктеуіші;

"Статистикалық байқаулар (тексерулер) интервьюері" кәсіби стандартына  
3-қосымша

## Еңбек шарттарына, білім мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіп бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Республикалық, өңірлік, салалық мемлекеттік басқару органдары, кәсіпорындар, ғылыми, қоғамдық ұйымдар	
Зиянды және қауіпті еңбек шарттары	Жарақаттану факторлары: жеке меншік секторда тұратын респонденттерге бару. Қолайсыз климаттық факторлар: жылдың әртүрлі маусымдарындағы, әртүрлі ауа райы жағдайларындағы және кешкі уақыттағы жұмыс.	
Жұмысқа рұқсат берудің айрықша шарттары	Интервьюердің өкілеттігін куәландыратын құжат. Медициналық анықтама	
ҰБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
4	Техникалық және кәсіби білімнің тереңдетілген біліктілік деңгейі, практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз орта буын маманының біліктілігі	-
5	Жоғары кәсіби білімнің белгіленген біліктілік деңгейі, практикалық жұмыс тәжірибесі немесе техникалық және кәсіби білімнің тереңдетілген біліктілік деңгейі	СБШ 4-деңгейінде 3 жыл

"Статистикалық байқаулар (тексерулер) интервьюері" кәсіби стандартына  
4-қосымша

## Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі

	Еңбек функциясының атауы
--	--------------------------

Еңбек функциясының шифры	(кәсіби стандарт бірліктері)
Ф 1	Статистикалық байқау жүргізуге дайындық
Ф 2	Сауалнама жүргізу және сұхбаттасу
Ф 3	Статистикалық байқау материалдарын өңдеу, түзету, нақтылау және тапсырыс берушіге ұсыну

Ескерту: Ф-функция

"Статистикалық байқаулар (тексерулер) интервьюері" кәсіби стандартына  
5-қосымша

### Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

Еңбек функциясының шифры	Еңбек нысаны	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек әрекеттері)	Шеберліктер мен дағдылар		Бі.
				Жеке және кәсіби біліктіліктер	Шеберліктер мен дағдылар	
	Нормативтік ұсынымдар, пікіртерім әдістері, зерттеу бағдарламалары	НҚА, нұсқаулық құжаттар, оқу-тәжірибелік міндеттер	1.1 М: Статистикалық байқаулар, соның ішінде ЖПКЖ бойынша, ЖЕК көмегімен және ТПКЖ бойынша, пікіртерім әдістерін, зерттеу бағдарламаларын жүргізуді реттейтін НҚА-ны зерделеу және мақсатқа жету және зерттеу міндеттерін орындау үшін өздігінен немесе о қ ы т у семинарларында базалық дағдыларды игеру			
	Респонденттер туралы ақпарат	Анықтамалықтар, карталар, сұрақнамалар	1.2 М: Алдын ала аралап шығу және зерттелуі тиіс респонденттердің тізімдерін нақтылау	-	-	-
	Респонденттер мен халықтың		1.3 М: Статистикалық зерттеу туралы хабардар ету және респонденттер			



1 Ф	ақпараттануы, хабардар болуы	Үгіт-насихат түсіндіру материалдары	арасында үгіт-насихат түсіндіру жұмыстарын жүргізу		
	Ақпарат және респонденттердің жауаптары	Пікіртерім парақтары, сауалнамалар, ұйымдастыру техникасы, компьютерлік техника	1.4 М: Пилоттық сұхбат жүргізу, соның ішінде ЖПКЖ бойынша, ЖЕҚ көмегімен және ТПКЖ бойынша		
	Респонденттерге арналған зерттеу бағдарламасы, нұсқаулықтар	Пилоттық сұхбат жүргізу нәтижелері	1.5 М: Сұрақтарды редакциялау мақсатында пилоттық сұхбат жүргізу нәтижелері бойынша зерттеу бағдарламасын нақтылау жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру	Зерттеу бағдарламасын нақтылау жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырудағы дербестік. Сұрақтар құрастырудағы дәлдік пен дұрыстық үшін жауаптылық. Пилоттық сұхбаттасу нәтижелерін қорытындылау және оларды талдау, сәйкессіздіктерді анықтау шеберлігі.	Статистикалық қызмет ұғымдары мен санаттарын дұрыс қолдана білу. Сауалнама жүргізу, сұхбаттасудың тиісті әдістерін, түрлерін, пікіртерім формаларын қолдану. Зерттеу жүргізудің тиімді нұсқаларын анықтау, тиісті формаларын біріктіру. Сұрақтарды, нұсқаулық ережелерін тұжырымдау және редакциялау.
	Сауалнамалар, респонденттердің ақпараттары	Сауалнама жүргізу бағдарламасы, респонденттер туралы ақпарат	2.1 М: Сауалнамаларды тарату мен жинау	Сауалнамаларды тарату, кеңес беру, сауалнамаларды жинау үшін дербестік және жауаптылық. Өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі ұстай білу. Сауалнамаларды парасатты толтырудың маңыздылығын түсіндіру шеберлігі.	Сауалнамаларды тарату мен жинауды ұйымдастыру. Сауалнамаларды толтырудың маңыздылығын сыпайы, әдепті түсіндіру.

С1  
кь  
ҚІ  
құ  
ма  
Зе  
ұй  
са  
пі  
бо  
нұ  
та  
Ре  
ар  
са  
сұ  
нұ  
ме  
құ  
ка

Са  
ко  
Ди  
ме  
тұ  
ка  
пс  
С1  
нь  
са  
та  
ме

2 Ф	Жауаптар және респонденттер туралы ақпарат	Статистикалық нысандар, ұйымдастыру және компьютерлік техника	2.2 М: Белгіленген статистикалық нысандар және олардың мерзімдері бойынша респонденттерге пікіртерін жүргізу және статистикалық нысандардағы, соның ішінде ЖПКЖ бойынша, ЖЕҚ көмегімен және ТПКЖ бойынша алынған мәліметтерді анықтау	Берілген тізім бойынша сұрақтарды қоюдағы дербестік . Жауаптарды тіркеудің толықтығы үшін жауаптылық. Респонденттер туралы мәліметтердің өзектендірілуі және құпиялылықты сақтау үшін жауаптылық. Респонденттер ерекшеліктерінің алуан түрлілігін есепке алу, диалогты жазба жасай отырып жүргізу.	Байланыс орнату және зерттеу жүргізудің қажеттілігіне респонденттің көзін жеткізу. Статистикалық байқаулар жүргізу . Сұрақтар тізімін, қажеттілік және жеткіліктілік қағидаты бойынша қалыптастыру. Іскерлік қарым-қатынас дағдыларын көрсету, респонденттермен тілектестік байланыс орнату. Сұхбаттасушымен өзін сыпайы, бейтарап ұстау, әңгімені әдепті жүргізу, қойылатын сұрақтарға немесе олардың жауаптарына өз көзқарасын байқатпау. Диалогтың өзгермелі жағдайында барабар рефлексстеу, тұрақтану, қосымша және нақтылаушы сұрақтар қою. Сұхбаттасуды сыпайы және әдепті аяқтау.	Сұқа Сұқа Сткь ҚІ кұ ма Са пі бо же та. Сұ ба ор те. Сұ ст жі ст ор , е Ба ар ер  Ұі қа не Ст нь нұ
			2.3 М: Статистикалық	Респонденттердің сұрақтарға берген жауаптарын тұжырымдаудағы дербестік. Жауаптардың дәлдігі мен толықтығы, мәліметтер мен	Респонденттердің сұрақтарын түсіну . Толық жауап	

Сұрақтар, респонденттердің ақпараттануы, хабардар болуы	Нұсқаулықтар, ақпараттық парақтар	нысандарды толтыру кезінде респонденттерге консультация беру	ақпараттың құпиялылығы үшін жауаптылық. Респонденттердің ерекшеліктерін ескере отырып, жауап нұсқаларын таңдау және тұжырымдау шеберлігі.	нұсқаларын құрастыру және тұжырымдау. Статистикалық нысандарды толтыру кезіндегі респонденттердің қиыншылықтарын анықтау.	тоқсанта. Сұжәтәта: Тімеңдүтү
Жауаптар және респонденттер туралы ақпарат	Логикалық және арифметикалық (есептік) критерийлер	2.4 М: Респонденттерден алынған ақпаратты логикалық және арифметикалық бақылау	Респонденттердің тіркелген мәліметтерін бағалаудағы дербестік. Толтырылған нысандардың сапалық және сандық критерийлерге сәйкестігі үшін жауаптылық. Респонденттер мәліметтерінің мазмұнын сапалық және сандық критерийлермен салыстыру шеберлігі.	Ақпаратты логикалық және арифметикалық бақылау үшін сапалық және сандық критерийлерді пайдалану. Нақтылауды талап ететін ақпараттың мазмұны мен көлемін анықтау.	Реакциялар бақылау рәсіміне
Зерттеулердің жеткіліксіздігі, нақтыланатын материалдар, жауаптар және респонденттер туралы ақпарат	Статистикалық нысандар, компьютерлік техника	3.1 М: Анықталған жетіспеушіліктерді түзету үшін респонденттерге қайта бару және қосымша сұрақтар бойынша зерттеу материалдарын нақтылау	Пікіртерім материалдарында, нақтылаушы сұрақтарды қою барысында табылған кемшіліктерді респонденттермен келісудегі дербестік. Зерттеу материалдарын түзету және нақтылау толықтығы, мәліметтердің құпиялылығын сақтау үшін жауаптылық. Пікіртерімді қайта жүргізуді ұйымдастыру	Статистикалық байқауларды жүргізу. Сұхбаттасушымен өзін сыпайы, бейтарап ұстау, әңгімені әдепті жүргізу, қойылатын сұрақтарға немесе олардың жауаптарына өз көзқарасын байқатпау. Диалогтың өзгермелі жағдайында барабар рефлекстеу, тұрақтану, қосымша және нақтылаушы	Сұқақсыздық ҚКМ Сәсіпбожәта. Сұжүсе

3 Ф				және нақтылаушы сұрақтарды тұжырымдау.	сұрақтар қою. Сұхбаттасуды сыпайы және әдепті аяқтау.	ка те
	Респонденттерден алынған ақпараттар	Ақпаратты дайындау әдістері мен тәсілдері	3.2 М: Респонденттерден алынған ақпараттарды статистикалық көрсеткіштерді қалыптастырудың келесі кезеңдерінде өңдеу және пайдалану үшін дайындау	-	-	-
	Статистикалық нысандардың кодтары, алғашқы статистикалық деректер	Статистикалық зерттеудің компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етілуі	3.3 М: Кодтарды статистикалық нысандарға енгізу және алғашқы статистикалық деректерді статистикалық зерттеудің компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуіне енгізу	-	-	-
	Статистикалық нысандар, атқарылған жұмыс туралы есеп	Есепті құрастыру және статистикалық нысандарды тапсырыс берушіге беру ережесі	3.4 М: Зерттеу бойынша толтырылған статистикалық нысандарды және өткізілген жұмыс туралы, соның ішінде электронды түрде ЖПКЖ бойынша, ЖЕҚ көмегімен және ТПКЖ бойынша есепті тапсырыс берушіге ұсыну	Респонденттердің сұрақтарға берген жауаптарын тұжырымдаудағы дербестік. Жауаптардың дәлдігі мен толықтығы, мәліметтер мен ақпараттың құпиялылығы үшін жауаптылық. Респонденттердің ерекшеліктерін ескере отырып, жауап нұсқаларын таңдау және тұжырымдау шеберлігі.	Респонденттердің сұрақтарын түсіну. Толық жауап нұсқаларын құрастыру және тұжырымдау. Статистикалық нысандарды толтыру кезіндегі респонденттердің қиыншылықтарын анықтау.	Үі ка не Ст нь нұ то кс та. Сұ жа тә та. Ті мс дұ тү

Ескерту:

М-міндеттер

НҚА – нормативтік құқықтық актілер;

ЖПКЖ – жеке пікіртерім жүргізудің компьютерлендірілген жүйесі;  
ЖЕК – жылжымалы есептеуіш құрылғы;  
ТПКЖ – телефон арқылы пікіртерім жүргізудің компьютерлендірілген жүйесі

"Статистикалық байқаулар (тексерулер)  
интервьюері" кәсіби стандартына  
6-қосымша

## Келісім парағы

Ұйым атауы	Келісім күні
Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	

22. Осы кәсіби стандарт \_\_\_\_\_ тіркелді.

Кәсіби стандарттар тізіліміне тіркеу № \_\_\_\_\_ енгізілді.

Хат (хаттама) № \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_